



Талғат АЙТБАЙҰЛЫ,
публицист-жазушы

Иә. Ахаң - Ақселеу Сейдімбек ісі қазақтың арқа тұтар ардақтысы еді. Сөзімен, ісімен, кескін-кейпі, жүріс-тұрысымен күллі ел-жұрттың көз алдында асқақ қалпында қалып қойды.

Төбеден түскендей тосын болды-ау қаза-сы! Есіліп-шешіліп, тереңнен толғап, көсіліп кесек сөйлейтін, ой өретін Аханды ойламаған жерде ажал шіркін дәл осылай құрықтайды деп кім ойлаған?

Өрине, бәрі де бір Алланың қолында ғой. Әйтпесе, 67 жас деген не?!

Күйзелген, күңіренген қазақ жұртының бәрі-бәрінің аузында бір ғана Ахаң болды. Ол әр шаңыраққа жақын еді. Әр үйдің қимас туысындай ыстық еді. Өзін көрмесе де, екі күннің бірінде демей-ақ қояйын, жиі-жиі телеэкран арқылы дидарласып, ақыл мен нақылға толы сөздерін естіп, айыз қандырар әңгімелеріне құлшына құлақ түруге жалықпайтын. Үлкенді де, кішіні де салмақты ойымен, орнықты оты-

лардың арасында жүріп ұсталды емес пе?" дейді. Бірақ биліктің үкімін өткізуге жаныққандардың дегені болмай, текетіретстің әбден ширыққан сәтінде Ахаң сөз алды.

- Жолдас коммунистер, ашық партия жиналысына қатысушы қауым! Бәріміз үшін бұл азаматтың тағдырын оп-оңай шеше салу қиынның қиыны боп тұр. Аланда машина өртелсе, білуімізше, Мейірхан өртемепті. Біз бұл азаматтың қабырғалары күйрегенін, үсті-басында сау тамтық қалмай таяқ жегенін көріп тұрмыз. Бұл - жау емес қой. Жауыздық жасаса, өзі де жазасыз қалмас. Сондықтан да аттың жалы, түйенің қомында тағдырын тас-талқан етуге асықпайық, артын бағайық. Алда-жалда іс-әрекеті сондай жазаға татитын боп жатса, партиядан алыстата салу да, қызметінен қуып жіберу де қиын емес. Ондайға қай кезде де үлгереміз. Бұл менің коммунист ретіндегі, қаламдас азамат ретіндегі айтар сөзім, - деп орнына отырды.

Ашық партия жиналысында Ахаңнан кейін ашылып сөйлеген ешкім болмады. Көпшілік дауыспен М. Ақдәулетовке "сәгіс" берілді. Бірақ, дегені боп тұрған билік партия жарғысына да қарамай, бастауыш партия ұйымының шешімін аттап өтіп, Алматы облыстық партия комитетінің қаулысы бойынша ойға алғанын орындады. Мейірхан бір-ақ күнде қызыл билеттен айырылып, төрт баласымен жұмыссыз қалды. Құрығы ұзын билік сөйтіп қана қойған жоқ, газет-журнал, теле-радио редакциялары басшыларының бәріне оны қызметке қабылдамау туралы қатаң тапсырма берді.

Ал әңгімеміздің арқауы болып отырған Ахаң ше? Ақдәулетов ақын ғой, шығармашылық адамы ғой, азды-көпті сөзіммен ара түсейін деген ізгі ниетімен ізіне шам алып түсушілердің әрекетін еселей түсті. Олай дейтінім, бүгінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет істейтін бір азамат ашық-жарқын ақтарыла әңгіме қозғаған бір күні: "Аға, сіз білесіз бе, желтоқсанның азапты күндерінен кейін Ақселеу Сейдімбековтің жүріс-тұрысы, қайда барып, қанша уақыт отырғаны, тіпті нендей мақсатпен жүргені, айтқан әңгімелеріне дейін қағыс жіберілмей, қатты аңдуға алыныпты. Сөйтіп қана қойса мейлі-ау, оқу-әдістемелік, іс-тәжірибелік сабақтарға мысал ретінде пай-

жұмыстан келе жатып, ас үй жақтағы Ахаңның ашық балконының алдына келіп: "Абсолют ата! Абсолют ата!" деп жарыса айқайлап тұрғандарын көріп қалдым. Сөйткенше болмай арғы жақтан Ахаңның өзі де көрінді. Ақселеу ата деуге тілдері келмей ме, әлде есімі солай деп ойлай ма, кім білсін, әйтеуір олар Аханды "Абсолют ата" деуші еді.

- Сәлеметсіз бе, Абсолют ата! - деп жамыраса амандасты да, "Абсолют ата, кәмпит бар ма?" деді.

- Ой, ай-на-а-лай-ын қыздарынан. Қазір, күте тұрындар, - деп іштен бір тарелкасын ала шығып, уыстаған күйі кәмпитті шашып жіберді. Жерге түскенді жарыса теріп алған бүлдіршіндер өте риза. Әке-шешелерінің үйретіп қойған тәлімінен айнымай:

- Абсолют ата, рахмет! Аман болыңыз, - дейді жамырасып.

- Айна-ла-йын балаларынан! Ертең тағы да келіндер, - дейді Ахаң.

- Келеміз, ата, келеміз...

Расында, олар келесі күні тағы да келеді. Өздері ғана келмейді, бірге ойнайтын достарын да ерте келеді. Балкон жақтың терезесі жабық болса, екінші қабатқа шуылдаса көтеріліп, Ахаң үйінің есігін қағып тұрады.

- Абсолют ата, біз ғой, - дейді бүкіл подъезді шу-шу етіп бастарына көтеріп.

- Айна-а-лай-ын Балқия мен Ләйлек достарымен келген екен ғой. Әй, Орал, қане, кәмпиттеріңнен көбірек әкел, - дейді Ахаң.

4.

1989 жылдың наурыз айының аяққы күндерінің бірінде Қазақстан комсомолы Орталық комитеті бюросының шешімімен "Қазақстан пионері" газетінің бас редакторы, орынбасары және жауапты хатшысы қызметінде жүрген мені босатты да жіберді. Келесі күні-ақ Қазақ радиосына келісімшартпен жұмысқа тұрдым. Әдеттегі журналистік қызмет қой. Әр редакциядан ананы жаз, мынаны жаз деп тапсырма береді. Айтқан күні материалдарын қолдарына ұстатамын. Жазғандарымның бәрі кідіріссіз эфирден өтіп жатады. Айына екі рет тиесілі қаламақымды қолға алып үйде жүре берер ме едім, аулада ұшырасқан Ахаң:

- Талғат, Жазушылар одағының жанынан

Өзі жаңа жылдың алғашқы күні болса, сіре да жайнаған дастарқанда ішпей-жемей отыра аласың ба?! Кешкілік бір жолдастарының машинасымен аулаға дейін әкеліп салды. Ішімде аздаған уыт бар. Келіншегіме сен лифтімен көтеріле бер, мен Ахаңа жолыға кетейін дедім де, пәтерінің қоңырауын шырылдаттым. Аға-жеңгеміз үйде екен. Үлкен бөлмесінің тура терезесінің алдына кең дастарқандарын жасанып қойыпты.

- Айна-ла-а-йын Талғат, келгенің жақсы болды, қане, төрлет, - деді өзі есік ашып, ішке бастаған Ахаң. Үстінде шапаны.

- Аға, таңертең телефонмен құттықтап едім, енді өзімше ақыл-кеңес айтуға келдім...

- Иә, айт, айта ғой, Талғат.

- Ренжімесеңіз ғана айтамын, - деп бетіне жымия қарадым. Қайран "ақмағанбеттің" күші-ай! Егер ол шіркін болмаса, сөйтер ме едім?

- Ақыл-кеңестің ренжітетіні бола ма? Қысылма, айта бер, Талғат, - деп Ахаң бір станкаға аузы ашылған арақтан құйып алдыма қойды.

- Аға, сіздің де аздап ішетінііңіз болушы еді, өзіңізге де құйсаңызшы.

- Ораза ұстап едім, айна-ла-йын. Сен маған қарама. Жаңа жылдық тілегіңді де білдір, ақылыңды да айт, - деді Ахаң.

- Айтсам... Александр Солженицын деген Ресейдің сақалды жазушысы бар емес пе, аға. Өзі көп жылғы қуғын-сүргіннен соң еліне әрең оралды. Келе салысымен күллі орыстың қамын жеген боп "Как обустроить Россию?" деген көлдей мақала жазып. "Комсомольская правда" жариялатты. Қазақстанның солтүстіктегі бес облысын Ресейге қосып алғысы келіп, арандататын ойлар айтты. Оған қазақ зиялылары өршелене қарсы тұрды. Мақалалар жазды, телехабарларға қатысты. Арасында сіз де барсыз.

- Ой, ол оңбаған шалдың пиғылы жаман ғой. Қайта дер кезінде тойтарыс бердік.

- Иә, аға, сөйттіңіздер. Алайда сол жебірей шалыңыз бөле екен. Ресей президенті оны "Александр первозванный" деген үлкен орденмен марапаттағысы келіп жарлық шығарып еді, "Мен Ельцин сынды орыс халқына опасыздық жасаған президенттің қолынан орден алмаймын" деп, бас тартты. Ал біздің ай маңдайлы академиктер мен ақ сақалды халық жазушыларымыздың бірде-бірі сол шалдың сөзін айта алмады, аға. Бәр малдан айырылдық, бүкіл халықтың 70 жыл тірнектеп жинаған дәулеті талан-таражға түсті. Жердің астындағы, үстіндегі байлығы кім көрінгенге сатылуда. Елдің есі шықты. Бұдан артық қасірет, сатқындық бола ма, аға?! Сол себепті ерлік жасаңыз. Алған орденіңізді иесіне қайтып беріңіз!

- Әй, Талғат, бұл не дегенің, а? Менің еңбегім сіңді... Ұрлық жасаған жоқпын...

- Ой, аға, сіздің еңбегіңіз әлдеқашан сіңген. Осыдан он-он бес жыл бұрын Ленин орденін алғаныңызда әбден болатын еді. Сіздің қандай мемлекеттік марапатқа да татитын еңбегіңіз бар еді ғой, аға! Сол уақытта өңіріңізге Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерін таққаныңызда әбден жарасатын. Енді бүгін не үшін берді дейсіз? Қарапайым халық қорғансыздың күйін кешкенде, осындай мүшкіл күйге әкелген биліктің саясатын құптағаным, атсалысқаным үшін алдым дейсіз бе? Сондықтан "Құрмет" орденін қайтарыңыз, тарихта қаласыз. Мен сізге осындай ақыл-кеңес берейінші деп әдейі келдім, аға. Сізді сөйтеді деп ойлаймын, аға. Сол үшін ақ алып қоямын, - деп рөмкені бір-ақ төңкере көтеріп, орныман тұра бердім.

Сонымен... иә, сонымен таң атты. Төсекте жатып та тұрып та кешегі күннің оқиғасын ой-

АХАСЫ ЕДІ ҚАЗАҚТЫҢ

